

КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ СӨЗ ТЕҢДІГІ ҚҰҚЫҒЫ

Рысгул Қойшығұлқызы Абилшеева

Заң ғылымдарының кандидаты, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры; Ақтау қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: rusita@list.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-1091>; Scopus Author ID: 57200308711

Аннотация. Бұл мақаланың өзектілігі Интернет азаматтық құқықтар мен бостандықтарды, соның ішінде сөз бостандығын жүзеге асырудың маңызды алаңдарының біріне айналды.

Қазіргі әлемде ақпараттық технологиялар адамның әлеуметтік өмірінің маңызды бөлігін алады. Интернет және өзге де әлеуметтік желілердің танымалдығы барған сайын арта отырып, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың нақты құралына айналууда. Әлемде әрбір екінші адам заманауи байланыс құралдарын пайдалана отырып, өз идеяларын, жобаларын жүзеге асыра алады, интернет кеңістігінде үлкен аудиториямен пікір бөлісе алады. Бірақ бұл жаңа киберкеңістікте адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзу үрдісі байқалады.

Пікір білдіру еркіндігі мен ақпарат алмасу, ақпаратқа еркін қол жеткізу мүмкіндігін интернет кеңістігінде қолданудың шегін нақтылау маңыздылығы қазіргі таңда анық байқалуда. Себебі аталған мүмкіндіктерді асыра пайдалану оның жағымсыз салдар тудыруына себеп болуда. Ақпараттық кеңістіктегі жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру жеке тұлғаның құқықтық межесінің сақталуына кепілдік беретін бірден-бір мүмкіндік болар еді. Сол себепті интернет кеңістігіндегі құқықтардың жүзеге асырылуының өзіндік мәдениеті мен механизмін қалыптастыру аса маңызды. Қазіргі цифрлану кезеңіндегі бұл мәселенің өзектілігі күн сайын арта түсуде. Дегенмен, кейбір пайдаланушылар осы пікір бостандығы, сөз бостандығы құқығын заңды түрде жүзеге асыру шеңберінен шығып, өз әрекеттерімен басқаларға нақты зиян келтіреді. Мұндай әрекеттердің бір түрі кибербуллинг болып табылады.

Мақалада қазіргі қоғамның әлеуметтік қауіпті мәселесі – кибербуллинг қарастырылған. Кибербуллингтің қауіптілігі оның жас таңдамайтындығында. Сол себепті кибербуллингтің құрбаны кез-келген тұлға болуы мүмкін.

Психологиялық тұрғыдан жасалатын бұл құқықбұзушылықтың салдарымен күресуден гөрі оның алдын алу әлдеқайда ұтымды нәтиже береді. Мәселені зерттеуге қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері зерделенген. Әртүрлі авторлардың феноменге берген анықтамалары, кибербуллингтің нақты қорқытудан (ақпараттық коммуникациялық технологиялардың құралдары) айырмашылықтары қарастырылған. Құбылыстың қазіргі түрлері көрсетіліп, олардың көріну ерекшеліктері сипатталады. Кибербуллинг көріністері барлық қатысушылардың психологиялық және физикалық денсаулығына өте жағымсыз әсер ететіні атап өтіледі. Мақаланың қорытындысында кибербуллингке қарсы жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілген.

Түйінді сөздер: интернет, сөз бостандығы, киберқорқыту, мораль, киберкеңістік, өзін-өзі реттеу.

КИБЕРБУЛЛИНГ И ПРАВО НА СВОБОДУ СЛОВА

Абилшеева Рысгул Койшыгуловна

Кандидат юридических наук, ассоциированный профессор Каспийского университета технологий и инженерии имени Ш. Есенова; г. Актау, Республика Казахстан; e-mail: rusita@list.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-1091>; Scopus Author ID: 57200308711

Аннотация. Актуальность данной статьи заключается в том, что Интернет стал одной из важнейших площадок для реализации гражданских прав и свобод, в том числе и свободы слова.

В современном мире информационные технологии занимают все более значимую часть социальной жизни человека. Интернет и различные социальные сети, завоевывая все большую популярность, становятся фактически средством реализации прав и свобод человека. Практически каждый второй человек в мире имеет возможность, используя современные средства коммуникации, реализовать свои идеи, проекты, поделиться мнением с большой аудиторией в интернет-пространстве. Но при этом наблюдается тенденция нарушения прав и свобод человека в этом новом киберпространстве.

В настоящее время очевидна важность свободы выражения мнений и определения пределов использования возможностей права обмена информацией, свободного доступа к информации в интернет-пространстве. Это связано с тем, что злоупотребление указанными правами вызывает негативные последствия в обществе. Формирование культуры поведения в информационном пространстве было бы одним из важных возможностей, гарантирующей соблюдение правовой границы личности. Поэтому крайне важно сформировать собственную культуру и механизм реализации прав в интернет-пространстве. Актуальность данной проблемы на современном этапе цифровизации с каждым днем растет. Однако некоторые пользователи выходят за рамки закона реализации этого права на свободу мнения, свободу слова и своими действиями наносят реальный ущерб другим. Одним из видов таких действий является кибербуллинг.

В статье рассматривается социально опасная проблема современного общества - кибербуллинг. Опасность кибербуллинга заключается в том, что он не выбирает возраст. По этой причине жертвой кибербуллинга может стать любое лицо. Профилактика этого правонарушения с психологической точки зрения дает гораздо более рациональный результат, чем борьба с последствиями. Изучены научные труды отечественных и зарубежных исследователей по изучению проблемы. Рассмотрены определения феномена различными авторами, отличия киберзапугивания от реального запугивания (средства информационно-коммуникационных технологий). Показаны современные виды явлений и описаны особенности их проявления. Отмечается, что проявления киберзапугивания оказывают крайне негативное влияние на психологическое и физическое здоровье всех участников. В заключении статьи изложены основные направления работы по борьбе с кибербуллингом.

Ключевые слова: интернет, свобода слова, киберзапугивание, мораль, киберпространство, саморегулирование.

CYBERBULLYING AND FREEDOM OF SPEECH RIGHTS

Abilsheyeva Rysgul Koishygulovna

Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov; Aktau c., Republic of Kazakhstan; e-mail: rusita@list.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2202-1091>; Scopus Author ID: 57200308711

Abstract. The relevance of this article lies in the fact that the Internet has become one of the most important platforms for the realization of civil rights and freedoms, including freedom of speech.

In the modern world, information technology occupies an increasingly important part of human social life. The Internet and various social networks, gaining increasing popularity, are actually becoming a means of realizing human rights and freedoms. Almost every second person in the world has the opportunity, using modern means of communication, to realize their ideas, projects, and share their opinions with a large audience on the Internet. But at the same time, there is a tendency to violate human rights and freedoms in this new cyberspace.

The article examines the socially dangerous problem of modern society - cyberbullying. The danger of cyberbullying is that it does not choose the age. For this reason, any person can become a victim of cyberbullying. Prevention of this offense from a psychological point of view gives a much more rational result than dealing with the consequences. The scientific works of domestic and foreign researchers on the study of the problem have been studied. The definitions of the phenomenon by various authors, the differences between cyberbullying and real intimidation are

considered. Modern types of phenomena are shown and the features of their manifestation are described. It is noted that manifestations of cyberbullying have an extremely negative impact on the psychological and physical health of all participants. In conclusion, the article outlines the main areas of work to combat cyberbullying.

Keywords: *internet, freedom of speech, cyberbullying, morality, cyberspace, self-regulation.*

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_26

Кіріспе

Ақпараттық технологиялардың даму дәуірінде интернет әлем халқының көпшілігі үшін өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады және осыған байланысты олардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың ең маңызды құралы болып табылады, оның бірі - сөз бостандығы. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер кез келген адамға өз ойлары мен идеяларын басқа пайдаланушылардың есепсіз көп санымен, соның ішінде анонимді түрде бөлісу мүмкіндігін береді. Бұл жағдай бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат таратудағы монополиясын жойды, бірақ сонымен бірге жаңа проблемаларды туындатты.

Интернет кеңістігінде сөз бостандығы құқығын жүзеге асыру дәстүрлі пікір білдіру нысандарымен салыстырғанда ерекшеленеді. Оны бірнеше критерийлер арқылы сипаттасақ кейбір мүмкіндіктерді байқауға болады:

1. Жаһандық қол жетімділік – Интернет кеңістігінде бөлісілген ақпарат пен пікірлердің әлемдік аудиторияға бірден дерлік жету әлеуеті бар, бұл әртүрлі популяциялармен көбірек танысуға және араласуға мүмкіндік береді.

2. Анонимділік - Интернет пайдаланушыларға жасырын немесе бүркеншік атпен өз ойларын білдіру мүмкіндігін береді, бұл кек алуудан немесе цензурадан қорқуы мүмкін адамдар үшін құпиялылық пен қорғау деңгейін ұсынады.

3. Интерактивтілік - дәстүрлі медиадан айырмашылығы, Интернет ғаламдық ауқымда диалог пен идеялар алмасуды дамыта отырып, нақты уақыт режимінде пайдаланушылар арасындағы өзара әрекеттесу мен сөйлесуге мүмкіндік береді.

4. Пайдаланушы жасаған мазмұн - Интернет жеке тұлғаларға мазмұнды тұтынушы және жасаушы болуға мүмкіндік береді, пайдаланушыларға дәстүрлі қақпашыларды қажет етпей-ақ өз көзқарастарымен, пікірлерімен және шығармашылық жұмыстарымен бөлісуге мүмкіндік береді.

5. Цензура және реттеу - Интернет сөз бо-

стандығына кең мүмкіндіктер ұсынса да, ол цензура, қадағалау және үкіметтер, платформалар немесе басқа құрылымдар тарапынан реттеу сияқты онлайн сөз бостандығына әсер етуі мүмкін қиындықтарға тап болады.

6. Цифрлық сауаттылық - Интернетте жалған ақпарат пен жалған ақпараттың көбеюіне байланысты пайдаланушылар онлайн мазмұнды тиімді шарлау және бағалау үшін сыни ойлау дағдылары мен цифрлық сауаттылықты дамытуы керек.

7. Қол жетімділік - Интернет маргиналды немесе жеткіліксіз ұсынылған дауыстарды еститін платформаны қамтамасыз етеді және дәстүрлі БАҚ түрлерінде кедергілерге тап болуы мүмкін адамдар үшін ақпарат пен өз пікірін білдіруге көбірек қол жеткізуге мүмкіндік береді.

8. Желілік әсерлер - Интернеттің өзара байланысты сипаты жеке өрнектердің хабарларды күшейтетін және ортақ себептер немесе идеялар айналасында қауымдастықты жұмылдыратын толқынды әсерлерге ие болуы мүмкін екенін білдіреді. Интернетте сөз бостандығын жүзеге асыру, соның ішінде басқалардың құқықтарын құрметтеу, сындарлы диалогты ілгерілету және жан-жақты және инклюзивті онлайн ортаны қолдау сияқты құқықтар мен міндеттерді мойындау және қолдау өте маңызды.

Сипатталған мүмкіндіктердің жағымды да, жағымсыз жақтарын анық байқауға болады. Интернет кеңістігінде нақты уақыт режимінде ғаламдық деңгейде өзара пікір алмасу, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда пікір білдіруде қол жетімділік пен шапшаңдық сияқты мүмкіндіктерді жағымды жағынан қарастыратын болсақ, онлайн ортада негативті әлеуметтік қарым-қатынас қалыптастыру, анонимді пікір білдіру арқылы өзіндік цензура, өзіндік бақылау мүмкіншіліктерін жоққа шығарумен жағымсыз қырларын сипаттауға болады. Дейтұрғанмен, цифрлық сауаттылық пен сыни ойлау қабілеттерін дамыту мен виртуалды кеңістіктегі сөз саптау, өзгенің құқығына құрметпен қарау, пікір білдіру мәдениетін қалыптастыруда интернет өрісін-

дегі сөз еркіндігінің шешуші роль атқаратын құрал бола алатын мүмкіндігі жоғары екенін айта кетуіміз керек.

Әдістер мен материалдар

Мақаланы зерттеуде диалектикалық танымның жалпы ғылыми әдісі пайдаланылады, жүйелі талдауға, ғылыми-практикалық психологиялық, құқықтық әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, ғылыми мерзімді басылымдарды талдау; салыстыру, жалпылауды қолдануға негізделген. Интернет желісінде ақпарат алу және сөз бостандығы құқықтарын қолдану негіздері салыстырмалы құқықтану әдісі негізінде жүзеге асырылды. Мақалада барлық зерттеулер мен талдаулар құқық саласындағы зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып жүзеге асырылған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Сөз бостандығы құқығының қалыптасуы әрбір қоғамның құндылықтарына тікелей байланысты болады деуге болады. Бұл құндылықтың құқықтық мәні де қоғам ерекшелігімен сипатталады. Өйткені әрбір қоғамның даму кезеңі өзінің саяси және әлеуметтік өмір салтымен біте қайнасқан құқықтық қағидаларды қалыптастырды. Біздің бұл пікірімізді қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеген ғалым З.Ж. Кенжалиев қуаттай түседі.

«Қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениет дегеніміздің өзі түптеп келгенде ондағы құқықтық ой-ағымдарда, идеяларда, нанымдарда, құқықтық нормалар мен институттарда қоғам мүшелерінің қадір-қасиетінің танып-біліну, ескерілу, қорғалу деңгейіне саяды» [1, 36 б.]. Демек, қазақ қоғамында басшылыққа алынатын негізгі қағидалардың құқықтық мәні олардың өмір сүру салтымен сабақтастықта болды. Бұл қағидалардың қоғамда «нәзік» құндылықтар ретінде жоғары бағаланып, құқықтық тұрғыдан қорғалуы қамтамасыз етілді. Мысалы, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп бүгінгі таңда жай ғана мақал ретінде қолданылатын қарапайым тіркестің, сонау дәстүрлі қоғамда үлкен құқықтық күшке ие болған қағида болғандығының өзі қазақ қоғамының құқықтық құндылықтарды дәріптеудегі ерекшелігін айқындайды.

«Өйткені, көшпелі қазақ қоғамында адам құқығы деген ұғым даралана, өз алдына бөлектене қоймаған еді. Бұл ой басқа ұғымдардың құрамдас бөлігі, атап айтқанда, адамның ар-ожданының, оның теңдігінің

байлықпен, мансаппен өлшенбейтіндігі туралы түсініктердің бір қабаты боп өмір сүрді» [1, 36 б.]. Бұл дегеніңіз өз кезегінде дәстүрлі қоғамның тұрмыс-салтының негізгі реттеуші тетігі бола білген құнылықтар болатын. Демек, ол құндылықтардың құқықтық қыры да, құқықтық мәні де, құқықтық қорғалу механизмі де тікелей қоғамдық өмір салтымен біте қайнасқан.

Осылайша, ғалым З.Ж.Кенжалиев дәстүрлі қоғамның құқықтық мәдениетінің негізгі компоненттерінің, құқықтық құндылықтарының ерекшелігін сипаттап берген еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық құндылықтардың мәні қоғамның құқықтық мәдениетінің сипатымен астарластықта біте қайнасты деуге болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында сөз бостандығы ұғымы адамның құқықтық мәдениетінің деңгейін айқындаушы негіз ретіндегі басты құқықтық құндылық ретінде мойындалды. Алайда, бұл мүмкіндіктің құқықтық қолданылуында қазақ қоғамы нақты бағдар ұстанды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында сөз бостандығы тілі енді шығып келе жатқан жас балаға ғана берілген, ал етек-жеңін жиып, сөздің «парқын» ұғатын ес кірген жастан бастап тек қана сөз теңдігі құқығы берілген. Бұл жерде сөз бостандығы және сөз теңдігі ұғымдары бір бағытта түсінілсе де, олардың қолданылу аясында нақты шекара болғандығын аңғаруға болады. Демек, еркін пікір білдіре алу, ойды еркін жеткізу құқығы ретінде танылған сөз теңдігі қазақ қоғамында құқықтық жауапкершілікті ала білетін, өз іс-әрекетіне жауап бере алатын жастан бастап толыққанды жүзеге асырылатын құқықтың бірі ретінде танылған. «Менің сөзім сенімен тең» деген негізде жүзеге асырылатын бұл құқық тұлғаның толық мүмкіндігін ашуға жағдай туғызғанымен оның кері салдары орын алған жағдайда құқықтық жауаптылыққа да дайын бола алу міндетін жүктеген. Қазақ қоғамында сөз теңдігі құқығының шектен шығуына жол бермеген бірден-бір қағида ол өз-өзіне цензура қоя білу еді. Сөз бостандығы ұғымы қазақ қоғамында тілі енді шыға бастаған жас баланың сөйлеу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін рухани құндылық ретінде қолданылғанымен, оған құқықтық мазмұн аса бере қоймаған деуге болады. Осылайша, сөз бостандығының құқықтық бекітілуі қазақ қоғамындағы «дала заңдарының» қағидаларымен ұштасып кетті.

Сөз бостандығының құқық ретінде бекітілуі әлемдік тәжірибеде де әрқалай

орын алады. Мысалы, АҚШ-ның сөз бостандығы тұжырымдамасына сәйкес Конгресс сөз бостандығын жүзеге асыруға қандай да бір шектеу келтіруші заңдар қабылдамауы керек деген қағиданы конституциялық заңнамасы арқылы бекіткен болатын. Ал, 1789 жылғы адам және азамат құқықтары туралы француздық Декларация сөз бостандығы адамның құнды құқықтарының бірі деп таныды [2].

Сөз бостандығы, ақпарат бостандығы қазіргі таңда демократиялық қоғамды айқындаушы атрибуттар ретінде қабылданады. Алайда, қазіргі таңдағы ақпараттар ағымы тез алмасатын кезең үшін әрбір ұғымның өз мәнін белгілі бір дәрежеде кеңейтуі, оның орын алу аумағын нақтылау қажеттілігі күн тәртібіне ене бастады.

Бұл нақты құқықтық араласуды қажет ететін мәселеге айналды. Жалпы құқықтық қағида тұрғысынан қарастыратын болсақ сөз бостандығы шектелмеуі тиіс. Себебі бостандықта мәжбүрлеу немесе шектеу болмауы тиіс. Сондықтан да сөз бостандығы десек ол шектелмеуі тиіс, алайда шегінен шығудың алдын алу, өзгенің құқығының сақталуын қамтамасыз ету барысында бұл кедергі, шектеулер нақты орын алады. Заңгер ғалым Г.Сапарғалиев заң терминдерінің түсіндірме сөздігінде сөз бостандығын адамның өз пікірін ортаға салу құқығы деп береді. Ата заңымыздың 20-бабында «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі» - деп бекітеді¹. Біздің ойымызша, сөз бостандығына қатысты құқықтық ұғымдардың қолданылу бірізділігі мен мәні нақтылануы керек.

Сөз бостандығы құқығының мәні осыған дейін дәстүрлі түрде жазбаша және ауызша еркін пікір білдіру нысаны шеңберінде қабылданып келген болса, бүгінгі қоғамдағы бұқаралық ақпараттар ағымының виртуалды кеңістігінде сөз бостандығы құқығының жүзеге асырылу мәні жаңаша көзқарасты талап етуде. Ақпараттар ағымы тоғысатын виртуалды кеңістік – ол Интернет.

Адам және азамат құқықтарының көпшілігінің ішінде азаматтар үшін үлкен мәнге ие болған сөз бостандығы құқығы болып табылады, өйткені ақпараттық технологиялардың арқасында шексіз кеңістікте өз пікірін білдіру және өз ойын барлық пайдаланушыларға жеткізу мүмкін болды. Интернет өзге коммуникация құралдарын кей-

інге ығыстырып шыққан маңызды байланыс құралына айналды. Осы себепті де Интернет пікір білдіру бостандығы құқығын киберқұқыққа айналдыруда.

Өкінішке орай, қазақстандық заңнама жүйесінде тікелей киберқұқыққа бағытталған нақты заңнамалар қалыптаспаған. Тікелей кибер кеңістік өрісінде орын алатын құқықтық мүмкіндіктердің аумағы мен сол бағытта қолданылатын құқықтық ұғымдардың нақты мәнін сипаттайтын, киберқауіпсіздікті жан-жақты барлық сала бойынша толық қамтамасыз ететін құқықтық механизмдер мен құқықтық реттелу негіздерін бекітетін арнайы заңнамалар бекітілмеген. Бүгінгі цифрландыру дәуірінде, жаһандану жағдайында киберқұқықтың ғарыштап дамуы мен күнделікті қолданыс деңгейінің артуы оның құқықтық шекарасын нақтылау қоғам талабына айналуда.

В.И. Фадеев демократияның дамуы оның саяси институттарын дамытумен ғана шектелмеуі тиіс, оны құқықтық тұрғыдан дамыту мәселесі билік нысанын жетілдіру мен мемлекетте жоғары билікті құру тәсілдерін жетілдірумен де сабақтасуы тиіс деген пікір білдіреді [3].

Алайда демократия дегеннің алуан түрлі индивидтердің әлеуметтік байланысынан тұратын қоғамдық өмірдің нысаны екендігін, оның құқықтық санасынан, өнегелік және рухани әлемінен тұратындығын естен шығармаған жөн. Өйткені адамдар демократияда тек қана азамат ретінде ғана емес, сондай-ақ индивид, жеке тұлға ретінде де ашылады.

Интернет желісіндегі сөз бостандығы құқығын қорғаудың негізгі мәселесі – өзге пайдаланушыларды қорғай отырып, құқықтық қалай шектеу керек? Киберкеңістікте аталған құқықтық жүзеге асыру мен қорғаудың қандай кепілі бар? В.В. Комаровтың атап өткеніндей, Интернет ешбір күмансіз әртүрлі қоғамдық және мемлекеттік институттардың өзара қатынасын кеңейтеді, қоғам мен билік арасындағы тұрақты өзара қатынастар каналының мүмкіндігін арттырады, азаматтардың араласу белсенділігінің деңгейін өсіреді [4].

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер кез-келген адамға өз ойлары мен идеяларын анонимді түрде бөлісу мүмкіндігін береді. Бұл жағдай бұқаралық ақпарат құралдарына ауқымды аудиторияны бір мезетте қамти алатын заманауи нысандағы жаңа бәсеке-

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. №4, 217-құжат. // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_\(жүзінген күні: 01.01.2023\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_(жүзінген күні: 01.01.2023)).

лес тудырды. Бұл тенденцияның жағымсыз салдары да өз көрінісін бере бастады. Сөз бостандығы құқығын пайдалану желеуімен еркін пікір білдіруде құқықтық шекарадан шығып кеткен сәттер жиі орын ала бастады.

Еркін пікір білдіру құқығы абсолютті емес, ол тек басқа тұлғалардың құқығын бұзбайтын шекке дейін ғана қолданылуы тиіс. Киберкеңістікте сөз бостандығы құқығын пайдалану шегінен шығып кету салдары көп жағдайда тұлғалардың абыройы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтірумен сабақтасады. Осы мәселелерді қатысты құқықтық реттеуде Қазақстан Республикасы бірнешедеген халықаралық құқықтық актілер мен ұлттық заңнамаларды басшылыққа алады. Өкінішке орай, осы саладағы заңнамалардың тиімсіз екендігін мойындауымыз керек. Ол әлеуметтік желілерде жеке тұлғаның моральдық құқықтарын толықтай қорғай алмайды.

Жоғарыда аталған жағымсыз құқықтық салдарлар жала жабу, жәбірлеу, азаматтың абыройын, қадір-қасиетін немесе іскерлік беделін түсіретін ақпараттар тарату нысанында орын алады.

«Жала жабу, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату» - деп бекітілген ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73-3 бабында². Бұл құқықбұзушылық бойынша айыппұл төлеу немесе әкімшілік қамауға алу санкциялары қолданылады. Алайда, осы тұста бұндай әкімшілік істерде жеке мүдделердің қорғалу деңгейінің әлсіздігі практикада анық байқалады. Заңға сәйкес, жала жабу туралы істер бойынша құжаттар толығымен үш күн ішінде сотқа жолдануы тиіс. Бірақ қысқа уақыт ішінде интернет желілеріндегі даулы материалдарды тексеру, сараптама тағайындау, тиісті қатысушылардан жауап алу мүмкіндігінің қаншалықты болатындығын айтпаса да түсінуге болады деп ойлаймыз. Жала жапқан адамды анықтауда туындайтын техникалық қиындықтар өз алдына, себебі аудандық деңгей сияқты сатылардағы құқық қорғау органдарының бұндай анықтаулар жүргізу мүмкіндіктері жоқ десек те болады. Бұл мейлінше ұзақ уақытты қамтиды, ал заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту мерзімі құқықбұзушылық жасалған күннен бастап екі ай ғана екенін ескеру керек.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту мерзімі шеңберінде құқықбұзушылыққа қатысты дәлелдерді анықтаудың іс жүзінде мүмкіндігі төмен, осының салдарынан жәбірленуші тараптың өз құқықтарын қорғауға деген ұмтылысы нәтижесіз боп жатады. Бұл сот практикасында дәлелдеуші негіздердің жеткіліксіздігі салдарынан оң нәтижелі құқықтық шешімдердің аз болуынан да байқалады.

Адамның абыройы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне қарсы құқықбұзушылықтар қатарында жиі орын алатын түрі бұл - қорлау. Бұл құқықбұзушылық ҚР Қылмыстық Кодексінің 131-бабымен қарастырылады: «Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту»³. Құқықбұзушылықтың бұл түрі үшін қолданылатын санкция қоғамдық жұмыстарға тарту немесе айыппұл төлету болып табылады. Бұл бағытта да практикада кездесетін проблемалық жағдайлар бар. Сот практикасы көрсеткендей, қорлау бойынша көп жағдайда ақтау үкімдері көбірек орын алады. Сот процесінде айыпталушының ақауының бұзылғандығын айтып, техникалық мәселелерге сілтеме беруі оның өзін-өзі қорғауы ретінде қабылдануы әбден мүмкін. Бұндай жағдайда жәбірленуші тараптың айыпталушының ІР-мекенжайын анықтап, дәлелдеуде техникалық мүмкіндіктері шектеулі. Ал судья дәлелдемелер іздеу бойынша өтінішіңіз бойынша тиісті органдарға жүгінуі екіталай. Бұл практикада жиі кездесетін проблема. Осындай проблемалық мәселені шешуде көршілес Ресей мемлекетінің құқықтық тәжірибесін атап өтуге болады. Ресей Федерациясында бұндай құқықбұзушылықтар бойынша іс қозғауды да, дәлелдемелер жинауды да прокуратура органдары жүзеге асырады [5].

Интернет кеңістігіндегі бұндай құқықбұзушылықтар қоғамда жаңа қауіпті қалыптастырды және оған кибербуллинг деген атау беріле бастады. Виртуалды ақпарат алмасу әлемі қалыптастырған бұл дертке әртүрлі көзқарас тұрғысынан анықтамалар беріле бастады.

Ғылыми тұрғыда кибербуллингтің жалпы қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Зерттеуші ғалым П.Н. Кобецтің: «Кибербуллинг – бұл қорқыту, қорқыту, қорқыту, қудалау

² Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі. 2014 жыл 5 шілдеде қабылданған. №235-V ҚРЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235> (жүзінген күні: 13.03.2025).

³ Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі. 2014 жыл 3 шілдеде қабылданған. №226-V ҚРЗ. // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүзінген күні: 07.03.2025).

емесе ұятқа қалдыру мақсатында тікелей немесе жанама, ауызша, жазбаша емесе физикалық түрде немесе суреттерді, белгілерді немесе басқа кез келген нәрсені көрсету немесе басқаша пайдалану арқылы билікті немесе ықпалды пайдалану». Интернет немесе ұялы телефондар сияқты басқа технологиялар» [6] деген анықтамасы біздің пікірімізге анағұрлым жақын келеді. Кибербуллинг – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды басқа адамдарды қорлауға және қорлауға бағытталған жеке тұлғаның және/немесе топтың саналы, жүйелі, агрессивті мінез-құлқы үшін пайдалану.

Берілген анықтамалар мазмұны кибербуллингінің жағымсыз әкелетін, нақтырақ айтсақ, жеке тұлғаның құқықтық қорғалу кеңістігінің шеңберінен асып кететін салдарға соқтыратын саналы түрде жасалатын мінез-құлық немесе әрекет екендігін көрсетеді. Кез-келген құқықбұзушылыққа әкеп соқтыратын іс-әрекет құқықтық жауапкершілікке тартылуы тиіс. Демек, кибербуллингіті құқықбұзушылық түріне жатқызу дұрысырақ болмақ. Оның салдарынан жеке тұлғаның психологиялық тұрғыдан болса да күйзеліске түсіріп, ішкі жан-дүниесінің балансын бұзуға ешқандай да ақтап алушылық болмауы тиіс. Бұл дегеніңіз кибербуллингіті криминализациялау сұрағы күн тәртібіне шығарылатын мәселеге айналуы тиіс деген сөз. Бірақ бұл қадам кибербуллингітің алдын алатын немесе оны жоятын саналы әрі тиімді құрал деуге келмес еді.

Ақпараттандыру, цифрландыру дәуірінде бұқаралық ақпараттар легін құқықтық реттеу практикасы интернет желісінің жаңару, даму жылдамдығымен сәйкесе алмай жатырғандығы анық. Интернет желісін құқықтық реттеудің үш деңгейі жалпы негізде қолданылады: халықаралық, ұлттық және өзін-өзі реттеу. Бұл көп жағдайда сайттарды, әлеуметтік желілерде нақты бір учасктортерді бұғаттаумен шектелуде.

Интернет кеңістігіндегі сөз бостандығын асыра пайдаланудың алдын алуда Франция мемлекетінің тәжірибесінің мазмұнын қарастыра кетсек. Франция сөз бостандығы туралы құжаттардың көпшілігін, соның ішінде 1948 жылғы Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын және 1969 жылғы азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактіні ратификациялады. Атап айтқанда, Интернетте сөз бостандығын жүзеге асыруда келесі шараларды қабылдады: а) Интернетті сүзгілер мен бұғаттаушы жүйе енгізу арқылы бөлшектеу; б) әлеуметтік

желілерде және әлеуметтік желілерде пайдаланушы жасаған мазмұнға қол жеткізуді қамтамасыз ететін веб-сайттар мен Интернет-домендерді бұғаттау; сондай-ақ, жала жабу жағдайында мемлекеттің араласуы [7]. Сөз бостандығын қорғауға мемлекет тарапынан төзімсіздік риторикасын қамтитын сөйлеуді цензураға негіз бар. Францияда цензураның бірнеше формалары ажыратылады: профилактикалық цензура, репрессиялық цензура және цензураның ең жоғары түрі-өзіндік цензура.

Бұл тәжірибе ақпараттық ағымдағы Интернет желісінде сөз бостандығын пайдалану мәдениетін қалыптастыра алатын және өзін-өзі реттеп тәрбиелей алатын қоғам құруға бағытталған.

Бүгінгі күнде қалыптасқан ақпараттық-цифрлық кеңістік шын мәнінде оның құқықтық реттелу механизміне, әсіресе, шапшаң өзгермелі бұл кеңістіктегі құқықтың қандай орын алатындығына жаңаша көзқарасты талап етуде. Ақпараттық-цифрлық ортада адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының толық қорғалуын қамтамасыз ету мемлекеттің заңшығармашылық қызметінің құқықтық реттеу саласында өте мұқият әрекет етуімен байланысты болмақ.

Кибербуллингпен күресуде оның алдын алуда келесідей ұсыныстар береміз:

интернет-порталдардың қауіпсіздік деңгейін көтеру. Кибершабуылдарды бұғаттау, негативті жазба, пікірлерді шектеу сияқты технологиялар қазіргі уақытта да қолданылып, өзінің тиімділігін көрсетуде, дейтұрғанмен осы мүмкіндіктер аясын одан әрі кеңейту қажет.

киберқауіпсіздікті оқытуға бағытталған арнайы бағдарламаларды жасақтау. Проблеманы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кибербуллинг мәселесін толықтай ашып талдау жүргізетін қажетті мамандардың жеткіліксіздігі және бұл бағытта психология, құқық, it-технология, педагогика бағыттары бойынша интеграцияланған білім беру қажеттілігі анықталды.

интернет кеңістікте қарым-қатынас орнату әдебінің нормалары қалыптастыруы тиіс деп ойлаймыз. Бұл өз кезегінде онлайн қарым-қатынастың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға, басқаның құқығына құрметпен қарау, цифрлық ортадағы құқықтық сана деңгейінің өсуіне септігін тигізеді деп ойлаймыз.

- кибербуллинг мәселесіне концептуалдық көзқарас тұрғысынан нормативтік-құқықтық реттеулер қалыптасты-

рылуы тиіс. Аталған мәселені реттеуде арнайы заңнамалық база қалыптастырылып, проблеманың ұғымдық аппаратынан бастап оның субъективтік құрамын, оған берілетін құқықтық жауапкершілік түсінігі мен түрлерін нақтылау қажет деп ойлаймыз.

Ұлттық құқықтық жүйемізде жоғарыда айтып өткен мәселелерді құқықтық қағидалар нысанында қарастыра отырып, құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын азаматтық қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуға толықтай мүмкіндігіміз бар. Сонымен қатар құқықтық жүйелер ұқсастығын ескеретін болсақ сөз бостандығы құқығының реттелуінде француздық тәжірибе элементтерін қоғамның үрдісіне сәйкестендіре отырып енгізуге болар еді деп ойлаймыз.

Қорытынды

Кибербуллинг пен сөз бостандығы құқығы арасындағы байланыс күрделі және көп қырлы. Бір жағынан, сөз бостандығы көптеген конституцияларда және Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы сияқты халықаралық құжаттарда бекітілген негізгі құқық болып табылады. Бұл құқық адамдарға мемлекеттің немесе басқалардың цензурасынан немесе репрессиясынан қорықпай өз пікірлерін, сенімдері мен идеяларын айтуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, кибербуллинг жәбірленушінің психикалық және эмоционалдық жағдайына ауыр зиян келтіруі мүмкін, тіпті олардың беделі мен әлеуметтік мәртебесіне нұқсан келтіруі мүмкін Интернеттегі агрессия мен зорлық-зомбылықтың түрі.

Бұл қарым-қатынастың кілті сөз бостан-

дығын қорғау мен қорқытудың алдын алу немесе жою арасындағы тепе-теңдікті табу болып табылады. Сөз бостандығына қатысты белгілі бір шектеулер бар, олар жала жабады, зорлық-зомбылыққа шақырады, басқаларды кемсітеді немесе қорқытады. Сөз бостандығы және кибербуллинг туралы заңдар әр елде әртүрлі болуы мүмкін, алайда олардың көпшілігі Интернеттің ашық және қауіпсіз байланыс кеңістігі болып қалуын қамтамасыз ету үшін жасалған.

Түрлі елдердегі сот тәжірибесі мен заңнамасы сөз бостандығы құқығын бұзбай, кибербуллингпен байланысты сын-қатерлерге барабар әрекет етуі үнемі дамып келеді. Бұл кибербуллингтің нақты анықтамаларын әзірлеуді, заңсыз мінез-құлық пен қорғалған мүмкіндік арасындағы шекараларды белгілеуді, шағымдар мен оларды қалпына келтіру механизмдерін құруды қамтиды.

Киберқорқытудан қорғау негізсіз цензураға немесе пікір білдірудің заңды түрлерін шектеуге әкелмеуі керек екенін түсіну маңызды. Сондықтан да Интернет кеңістігіндегі сөз, пікір бостандығын жүзеге асыру мәдениетін қалыптастыру аса маңызды. Өз құқығынды жүзеге асыра отырып, өзгенің құқықтық кеңістігіне өтіп кетпеу, өзгенің құқығына деген сыйластықты таныта білу құқықтық мәдениет деңгейінің өлшемімен айқындалады.

Демек, дәстүрлі қазақ қоғамында өзгенің құқығына кепілдік беретін қағида ретінде қалыптасқан өз-өзіне цензура қоя білуді құқықтық негізде бекітпей-ақ қоғамдық реттеудің бөлшегіне айналдырсақ жеткілікті болар еді.

ӘДЕБИЕТ

1. Кенжалиев З.Ж. *Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет*. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. – 192 б.
2. Слинко Т. *Эволюция права на свободу слова: сравнительно-правовой аспект* // URL: https://ibn.idsi.md/vizualizare_articol/54257 (дата обращения: 27.09.2017).
3. Фадеев В.И. *О духовно-нравственных основах народного представительства в России* // Конституционное и муниципальное право. - 2014. - № 3. – С. 11-16.
4. Комарова В.В. *Реальное и мнимое расширение предмета конституционного права* // Актуальные проблемы российского права. - 2018. - № 10. – С. 11-23.
5. Назханов Т. *Кибербуллингтен құқықтық қорғану жолдары. Практикалық оқу құралы*. – Алматы, 2021. – 355 б.
6. Кобец П.Н. *Противодействие угрозам киберсталкинга - важнейшей проблеме, исследуемой в рамках совершенствования аспектов информационной безопасности регионов в условиях глобализации информационного пространства* // Вестник Прикамского социального института. - 2017. - № 1 (76). – С. 29-34.
7. Иванова К.А., Степанов А.А. *Ограничения свободы слова во Франции в эпоху цифровых технологий* // Law Enforcement Review. – 2019. -vol. 3. - No. 1. - P. 15–23.

REFERENCES

1. Kenzhaliev Z.Zh. *Koshpeli kazak kogamyndagy dasturli kukykyk madeniet*. – Almaty: Zheti Zhargy, 1997. – 192 b.
2. Slinko T. *Jevoljutsiya prava na svobodu slova: sravnitelno-pravovoi aspekt* // URL.: https://ibn.idsi.md/vizualizare_articol/54257 (data obrashhenija: 27.09.2017).
3. Fadeev V.I. *O duhovno-nravstvennyh osnovah narodnogo predstavitelstva v Rossii* // *Konstitutsionnoe i munitsipalnoe pravo*. - 2014. - № 3. – S. 11-16.
4. Komarova V.V. *Realnoe i mnimoe rasshirenie predmeta konstitutsionnogo prava* // *Aktualnye problemy rossiyskogo prava*. - 2018. - № 10. – S. 11-23.
5. Nazhanov T. *Kiberbullingten kukykyk korganu zholdary. Praktikalyk oku kuraly*. – Almaty, 2021. – 355 b.
6. Kobec P.N. *Protivodejstvie ugrozam kiberstalkinga - vazhneishei probleme, issleduemoi v ramkah sovershenstvovaniya aspektov informatsionnoi bezopasnosti regionov v usloviyah globalizatsii informatsionnogo prostranstva* // *Vestnik Prikamskogo sotsialnogo instituta*. - 2017. - № 1 (76). – S. 29-34.
7. Ivanova K.A., Stepanov A.A. *Ogranicheniya svobody slova vo Frantsii v epohu tsifrovyyh tehnologii* // *Law Enforcement Review*. – 2019. -vol. 3. - No. 1. - P. 15–23.